

“Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеу туралы” Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 220 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 тамыздағы № 304 Жарлығы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. “Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеу туралы” Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 220 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 20, 106-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығының өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына:

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі енгізілсін;
мына:

“Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы “Орталық коммуникациялар қызметі” республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры” деген жол алып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. Назарбаев